

- ақпараттың зақымдалу қаупі бар;
- көптеген бұлттық сервистер бірнеше гигабайт көлемді ғана тегін ұсынады, ал оны тек қосымша ақы төлеу арқылы кеңейтуге болады;
- кейбір бұлттық технологиялар отандық және халықаралық стандартқа сай емес.

Әдебиеттер:

1. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.microsoft.com/ru-ru/cloud/>
2. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.cnews.ru/reviews/index.shtml2009/12/23/374565>
3. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.oblacom.ru/>
4. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.e-school.kz/>
5. GoogleAppsEducationEdition. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.google.com/a/help/intl/en/edu/index.htm>

FTAMP

ӨОЖ 37. 013.77

ОТБАСЫН ЗЕРТТЕУДЕ ПРОЕКТИВТІ ТЕХНИКАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Елубаева Ж.Е., педагогика ғылымдарының магистрі, zhaina.yelubayeva@mail.ru

Ғани А.М., педагогика ғылымдарының магистрі, aizat.muratbekovna@mail.ru

Жармаханова А.Д., педагогика ғылымдарының магистрі, arailym_arai1999@mail.ru

Шынжырбай Р.А., педагогика ғылымдарының магистрі, roza.shynzhyrbai99@mail.ru

Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Мақалада отбасын зерттеуде проективті техникаларды пайдалану жөніндегі мәселелер қарастырылады. Қоғамның тарихында некелік-отбасылық қатынастың дамуына негіз болған әулеттің өзін сақтап қалуы үшін күшті ұрпақты қажетсінуі және өндірістік іс-әрекетті дамытуы болып табылады. Отбасын проективтік әдістемелер көмегімен зерттеу үшін отбасы проблемасының тарихын, отбасынды тәрбиелеу ерекшеліктері айтылған.

Түйінді сөздер. Промискуитет, эндогамия, экзогамия, конгруэнттік коммуникация әдісі, депривация, асимметриялы қатынас, эмоция, бейне, проективті технология.

Кіріспе. Отбасын проективтік әдістемелер көмегімен зерттеу үшін отбасы проблемасының тарихын, отбасынды тәрбиелеу ерекшеліктерін қарастырамыз. Қоғамның тарихында некелік-отбасылық қатынастың дамуына негіз болған әулеттің өзін сақтап қалуы үшін күшті ұрпақты қажетсінуі және өндірістік іс-әрекетті дамытуы болып табылады.

Зерттеу материалдары және әдістері. Зерттеу жұмысымыздың барысында біз талдау, жинақтау нақтылау т.б. барысында отбасын зерттеуде проективті техникаларды пайдалануды анықтадық. Зацепин адамзаттың дамуы тарихында некелік-отбасылық қатынастың төмендегідей кезеңдерін айқындайды, олар:

- Промискуитет (аралас, жалпы) –адамзат қоғамның дамуының алғашқы кезеңіне тән жыныстар арасындағы әлеуметтік реттелмейтін, бей-берекет байланыс.

- Эндогамия – қауымдастықтың ішіндегі жыныстар арасындағы некеге дейінгі бірге өмір сүру және әлеуметтік талаптармен шектеулер қойылмаған болып табылады.

- Экзогамия – жыныстар арасындағы әлеуметтік реттелген қатынастар формасы және қандас туыстар арасындағы сексуалдық байланыстардың шектелуімен ерекшеленеді. Экзога-

мияның бекітілуі адамзаттың инстинктивтік-биологиялық қатынас типінен өмірдің әлеуметтік мәдени-тарихи типіне көшуімен байланысты, сонымен қатар адам мінез-құлқын реттеудің инстинктивтік-биологиялық механизмінен әлеуметтік реттелумен ауыстырылумен де байланысты болып табылады.

Экзогамдық қатынастың бекітілуінің басты факторы қатаң әлеуметтік табу қойылуымен және тайпаларда өмірге бейім, дені сау ұрпақтың келуімен байланысты еді.

Экзогамия негізінде некенің алғашқы формасы қалыптасты, ол топтық-рулық неке. Бір рудың ер адамы өзге рудың барлық әйелдерімен ерлі-зайыптық қатынаста болу құқын иеленді, бала тәрбиесімен бүкіл ру болып айналысты. Жұптық неке әйел мен еркек арасында таңдамалы және ұзақ қатынасты талап етті.

Шаруашылықты жүргізу және баланы тәрбиелеу рудың жауапкершілігінде болды, ал туысқандық тек анасы жағынан ғана анықталды, матриархат туысқандық қатынасты ұйымдастырудың тәсілі ретінде ұрпақ жалғастыруда зор роль атқарды. Еңбек өнімділігінің артуымен және жерді өңдеудің дамуына байланысты отбасының шаруашылық жауапкершілігі арта түседі. Ата-ананың баласын тәрбиелеу, асырау мәселесін өздігінен шеше алуы, сексуалдық қатынастардың тұрақтануы моногамдық отбасының қалыптасуына алып келді [1, 78 б.].

Патриархат әйелдің бағынуына және әкенің басшылық рольді игеруіне алып келді. Патриархалдық қатынас шеңберінде екі отбасы типі бар, олар моногамды (бір әйел – бір еркек), полигамды (Бір еркек – бірнеше әйел). Тарихта полиандрологиялық отбасы типі белгілі (көп күйеу) – бұнда әйелдің күйеулеріне қарағанда қызметі жоғары болып табылады.

Замануи отбасы XIX-XX ғғ. Қалыптасып, қоғам дамуының жетістіктерімен және жалпы зандылықтарын бейнелейді. Отбасының үш тарихи типін С.И. Голод былай түсіндіреді:

- патриархалдық (дәстүрлі)
- заманауи (балаға бағытталған)
- ерлі-зайыптық

Патриархалдық отбасы типі екі негізгі принципке сүйенеді: қатаң жыныстық жас ерекшелік субординация және тұлғалық таңдаудың болмауы. Патриархалдық отбасы басымдық пен бағыныштылыққа сүйенеді: күйеуінің өктемдігі, әйелінің бағынуы мен ата-анасының айтқанын сөзсіз орындау.

Балаға бағытталған отбасы – тәрбие мәселесіне зор мән береді, әйел мен еркектің қатынасы өзара түсіністік пен сенімге негізделеді.

Ерлі-зайыпты отбасы типі – ер адам мен әйелдің дамуына да, отбасы мүшелерінің тұлғалық өсуіне де жағдай жасалады.

Замануи отбасының ерекшеліктері:

Ата-ана ролінің ерекше болуы. Тәрбиенің көмектесуші стилінде ата-ана балаға сыйластықпен қарайды және өзінің өмірлік жолын еркін таңдау құқына ие деп есептейді.

Ерлі-зайыптылар одағының негізі махаббат, эмоционалдық қабылдау мен қолдау.

Отбасылық жүйе ашық болып табылады, өйткені замануи қоғамда некеге тұру да оңай, бірақ ажырасу жеңіл болып табылады. Ерлі-зайыптылар өз отбасының тағдырын өз құндылықтарының басымдығына сәйкес айқындай алады.

Замануи отбасы құрамына сәйкес өзгеріп, сөйтіп нуклеарлық отбасы қалыптасты. Нуклеарлық отбасы ата-ана мен бала қарым-қатынасымен ерекшеленеді.

Көп балалы отбасынан баласы аз отбасының көбеюі әйелдің өндірістік сфераға енуіне, ерлі-зайыптылардың кәсіби іс-әрекетінің ерекшелігіне, құндылық бағдарларына және замануи отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты болып табылады.

Біздің еліміздегі отбасы жағдайының тағы бір ерекшелігі - отбасындағы көмек пен қамқорлықтың жүзеге асырылуы, әсіресе ата мен әжелердің немере бағуға көмектесуі.

Ажырасудың көбеюі. Тұлғаның психологиялық оңалуы 1-3 жыл аралығында мүмкін. Отбасынсыз тәрбиеленетін балалар саны көбеюде, (жетімдер, интернат тәрбиеленушілері, қараусыз қалған балалар). кәмелетке толмаған ата-аналар санының өсуі, АҚШ-та жеткіншек

ата-аналарға әлеуметтік және психологиялық қолдау қоғамдық ұйымдары құрылып, жұмыс істеуде. Қазақстанда кәмелетке толмаған ата-аналарға әлеуметтік және психологиялық қызмет көрсету орталықтары енді ғана жұмыстарын жүргізуде.

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі де өте үлкен проблема болып отыр, әсіресе ата-аналардың балаға зорлық көрсетуі, катігездік танытуы да көкейтестілігімен айқындалуда, ал қатыгездікті көрсету түрлері төмендегідей болып ерекшеленуде:

Тікелей физикалық агрессия,

Сексуалдық зорлық

Баланың өмірлік (виталдық) қажеттіліктерін қанағаттандырмау және оған салқындық таныту.

Баласыз отбасы санының көбеюі ата-аналардың өздері үшін өмір сүруге талпынуынан туындап, кейін тұлғалық дағдарысқа ұшыратады [2, 150 б.].

А.С.Спиваковская махаббаттың үш өлшемдік моделіне сүйене отырып ата-ана махаббатының ерекше типологиясын ұсынады: Осы модель шеңберінде махаббат сезімінің үш өлшемі айқындалады:

Симпатия/антипатия, сыйлау/жеккөру, жақындық/алшақтық

Ата-ана махаббатының бұзылу себептері жеткілікті дәрежеде зерттелмеген, тек кейбірін айтуға болады:

Кесте 1 – А.С.Спиваковская бойынша ата-ана махаббатының типтері

Махаббат / қабылдамау типтері	Махаббат / қабылдау сипаттамалары	Ата-ана мінез-құлқы	Ата-ана кредосы
1. Әрекетшіл махаббат	симпатия сыйластық жақындық	Баланы қабылдау, көңіл бөлу мен қызығушылық, ынтымақтастық және балаға көмекке келуге даяр болу	«Мен өз баламды қандай болса да жақсы көремін, ол өте жақсы»
2. Оқшауланған махаббат	симпатия сыйластық қашықтық	Баланы қабылдау, көңіл бөлмеу, қамқорлықтың аз болуы, көмектің аздығы	Менің балам тамаша, бірақ мен жұмыстамын
3. Әрекетшіл аяушылық	симпатия сыйламау жақындық	Баланы қабылдау, оған сенімсіздікпен қарау, шектен тыс қамқорлыққа алу	Менің балам оншалықты ақылды және дамыған болмағаны мен, менің балам ғой
4. Алшақтау	симпатия сыйламау қашықтық	Баланы қабылдау, оқшаулану, сәтсіздікті бала денсаулығымен байланыстыру	Баламның нашар болуының объективті себептері бар
5. Оқшаулану	симпатия сыйламау қашықтық	Баладан оқшаулану, қарым-қатынасты шектеу, кейде қараусыз қалдыру	Өз баламды жақсы көрмеймін және оған ықпал еткім де келмейді
6. Жек көру	симпатия сыйламау жақындық	Баланы жек көру, толықтай бақылау, мадақтаудың болмауы, жазалауды қолдану, тиым жүйесінің басым болуы	Баламның нашар екендігіне қиналамын
7. Аңду	симпатия сыйламау жақындық	Баланы жек көруі, толықтай бақылау, қатаң бақылауға алу	Менің балам жексұрын, мен осыны дәлелдеймін
8. Бас тарту	симпатия сыйламау қашықтық	Баланы жек көруі, бақылаудың болмауы, қараусыз қалуы	Мен осы жексұрынмен әрекет еткім келмейді

Баланы тәрбиелеуге байланысты ата-ананың өмірлік маңызды қажеттіліктерінің фрустрациялануы. Депривация ата-ананың қажеттіліктер шеңберін қамтиды, олар: ұйықтау мен дем алу қажеттілігін, достармен қарым-қатынасын, жекелік жетістігін, кәсіби өсуін керек етуі.

Психологиялық көмек ата-ананың өмірлік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілін іздеуге бағытталады, әрі балаға қамқорлық көрсету мен тәрбиелеу қызметі де сақталуы керек.

Бала образын қате қабылдау негативті қасиеттерді проекциялаудан туындауы болып табылады. Психологиялық көмек проекция себебін түсіндіру, қолданатын механизмдерін анықтау.

Стрестік жағдайдан соң балаға негативті эмоционалды қатынасты қалыптастыру. Бала травмалық жағдаяттың символы ретінде қабылданады, сондықтан психологиялық көмек стресті жою болып табылады.

Ата-ананың тұлғалық ерекшеліктері (инфантильдік, мінез акцентуациясы, ата-ананың қолдауының адекватты емес типі, эмоционалды бұзылулар). Бұл жерде жеке психологиялық кеңес және психотерапия қолданылады.

Баланың индивидуалдық-типологиялық ерекшеліктері – «қиын» темперамент, тәртіп мәселесі, импульсивтілік.

Некемен қанағаттанбау және ерлі-зайыптылар қатынасындағы шиеленіс. Баланың ата-анамен қатынасына деген ішкі позициясының ерекшеліктерін талдау арқылы ата-ана мен бала қатынасын сезінуді ұғынуға болады.

Баланың төрт типтегі ішкі позициясы яғни ата-ананың өзіне қатынасы мен өзінің ата-анаға қатынасы төмендегідей кестеде берілген.

Кесте 2 – Г.Т. Хоментаскас бойынша бала мен ата-ана қатынасында баланың ішкі позициясының типтері мен тәрбиелік мәні.

№	Ішкі позициялық типтер	Отбасылық тәрбие типтерінің ерекшеліктері	Баланың тұлғалық дамуының ерекшеліктері
1	«Мен қажетпін және сүйіктімін», мен де сендерді сүйемін	Эмоционалды қолдау, ынтымақтастық, өзара сыйластық, қарым-қатынастың демократиялық стилі, тәрбиенің беделді типі.	Адамдарға сенім және ынтымақтастыққа дайындық, жоғары өзін-өзі бағалау, өзінқабылдау, әлеуметтік құзырлылық, сенімді жақындық
2	«Мен қажетпін және сүйіктімін, сендер үшін өмір сүремін»	Отбасының билеушісі типінде тәрбиелеу, бала талап-тілектерінің орындалуы жоғары	Эмоционалды-тұлғалық эгоцентризм, мен концепциясының бұзылуы, әлеуметтік, коммуникативтік құзырлылықтың төмендігі
3	«Мен сүйкімсізбін, бірақ жаныммен сіздерге жақындағым келеді»	Баланы эмоционалды қабылдауы төмен, амбиваленттілік, моралдық жауапкершілік және жоғары талап деңгейінде тәрбиелеу типі	Төмен өзін-өзі бағалау, өзінқабылдау, Мен – концепциясының дамуының бұзылуы, үрейлену, фрустрация, эмоционалды бағыныштылық, кінәлі сезіну
4	«Мен қажетсізбін және сүйкімсізбін, мені жайыма қойыңдар»	Айқын немесе жасырын оқшаулану, қараусыз қалдыру, қатыгездік көрсету, ата-ананың тәрбиеге мән бермеуі	Өзін қабылдау мен өзін бағалаудың төмендігі, агрессия, жоғары үрейлілік, махаббат пен қамқорлықты қажетсізінудің фрустрациялануы, базалық сенімнің болмауы

Отбасындағы эмоциялық хал-ахуал ата-ананың балаға және баланың ата-анаға қатынасы мен эмоциялық қабылдауымен, ана мен әке махаббаты және жақындығымен ғана емес, ата-ана және бала диадасындағы аффективтік өзарақатынас сипатымен де ерекшеленеді (А.С.Спивановская, Г.Т.Хоментаскас). Оларды анықтаудың параметрлері эмоционалды

белгі мен қатынас симметриясы болып табылады. Өзара қатынастың нұсқаларын айқындаймыз, олар:

Өзара қатынастар.

- Эмоциялық өзара қабылдау. Бала өзінің отбасына қажет екенін сезеді және ата-аналар да бала махаббатын да сезіне біледі.

- Негативті бағдар. Ата мен бала бір-біріне қарсылық көрсетеді. Баланың әлемге қарсылығы, өзін қабылдауының төмендігі туындайды.

- Асимметриялы қатынас.

- Ата-ананың біржақты махаббаты. Ата-ана баланы жақсы көргенімен, бала оларға жылылық таныта алмайды. Баланың адекватты емес жоғары бағалауы қалыптасады, қарым-қатынаста қиындық туындайды, жоғары шегініс және ынтымақтасуда проблемалар туындайды.

- Баланың біржақты жақындығы. Бала ата-анаға махаббатпен қарайды, ата-ана балаға салқындық танытады. Жақындықтың үрейлілік нұсқасы қалыптасады, өзіне деген сенімсіздік, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, махаббатты қажетсіну туындайды. Ата-ана мен бала қатынасының қолайлы нұсқасы өзара эмоциялық қабылдау және үйлесімді тұлғалық даму, бала мен ата-ананың өмірмен қанағаттануының жоғары деңгейімен айқындалады [3, 50 б.].

Конгруэнттік коммуникация әдісі ересек пен бала өзараәрекеті мен қатынасы жүйесінде демократиялық қарым-қатынастың құралы ретінде гуманистік психология идеясы мен принципіне сүйенеді. (К.Роджерс, А.Маслау, А.Адлер, Р.Дрейкурс, Х.Джайнотт, Т.Гордон) Конгруэнттік коммуникацияның басты мақсаты – баланың позитивті тұлғалық дамуының психологиялық алғы шартын қамтамасыз етеді және ересек пен бала арасындағы өзара түсінісуді қалыптастыру, баланың эмпатиялық қабылдауы арқылы жүзеге асады.

Р.Дрейкурс және В.Зольц [1986] ересек пен бала арасындағы теңдік, сыйластық пен жеке басты қолдауға сүйенеді.

Конгруэнттік коммуникация сипаттамасы проблемалық жағдаяттарды зерттеуге және ересектермен ынтымақтастықта оларды шешу жолдарын өздігінен іздеуге бағытталады.

Конгруэнттік коммуникация әдісі эффективті қарым-қатынасты ұйымдастыру принциптеріне сүйенеді:

1. Кез келген коммуникация актісі оның позитивті «Мен» образын қолдау, баланың өзін қабылдауын бекіту. Ересектің мінез-құлқы мен әңгімесі баланың жеке басына кері әсер етпеуі қажет.

2. Коммуникация бағалаусыз өтуі керек, яғни бала мінезі мен тұлғасын тікелей бағалауға тиым салынады, баланың балалығына негативті болжам жасауға болмайды. Бала мен ересектің өзара түсінісуіне кедергі болатын пікірлерден аулақ болған абзал.

3. Конгруэнттік коммуникацияда негізгі мәселе бала іс-әрекеті мен белсенділігінің эмоционалдық компоненттерін бейнелеуге зор мән беріледі.

4. Ересек бала белсенділігіне жағдай туғызып отыруы керек.

Коммуникативтік техниканың түрлері: эмпатиялық «белсенді» тыңдау, эффективті қолдау. «Сын – пікір» және «Мен – пікірді» қолдану және шиеленісті жағдаяттарды шешу.

5. Эмпатиялық «белсенді» тыңдау техникасы Т.Гордон (1997) пікірі бойынша баланың тұлғалық дамуында психологиялық көмектің өзегін құрайды. Ол баланың әлемге сенімін, ынтымақтастыққа даярлығын, ересектермен бірлескен іс-әрекеттегі мәдени-тарихи тәжірибесін игеруге мүмкіншілік ашады.

Ынтымақтастыққа кедергі болатын коммуникацияның нәтижесіз тәсілдері:

1. Баланың мінез-құлқына ықпал ету, бұйрық беру, талап қою. Баламен проблеманы шешу жолын іздеу емес оның не істеу керектігі ғана айтылады.

2. Ересектің бұйрығын орындамаудан туындайтын мүмкін негативті салдарды айтып қорқыту. Кез келген қорқыту мен үркіту баланы тиымды бұзуға итермелейді.

3. Мораль, ақыл, кеңес беру арқылы «міндеттісіз», «қажет», «керек» деген талаптарды қою арқылы олардың сын-ескертусіз орындалуын қажет етеді.

Баланың не істеуі керектігіне толықтай кеңес беру бұл бала белсенділігін әлсіретеді.

Неліктен осылай істеу керектігін түсіндіру логикалық негіздеу арқылы бала қарсылығы туындайды.

1. Бала тұлғасын бағалауға бағытталған пікірлер. Негативті бағалау, жазалау, сын айту. Баланың тұлғалық қасиеттерінің әлеуметтік талаптар мен күтулерге сәйкес еместігін көрсете отырып, тікелей негативті бағалаулар беріледі. Бұл пікірлер баланың «Мен концепциясының» дамуына әсер етеді. Баланы кінәлау және сынау нәтижесінде оның бойында Пигмалион эффектісі қалыптасады, яғни ата-ана ықыласынан қарама-қарсы ықпал туындатады.

1) Келемеждеу, мазақтау, ұрысу. Тұлғаны тікелей бағалаудың дөрекі формасы. Бұл бала тұлғасына толықтай кері әсер етеді, сөйтіп қорғансыздықты, өзін қабылдаудың төмендігін туындатады.

2) Мадақтау. Баланы шамадан тыс мадақтау оның мүмкіншілігі мен қабілеті туралы теріс түсінікті қалыптастырады, әлемді қабылдауы және өзгелерді ұғынуы нашарлайды.

3) Диагноз қою, интерпретациялау. Бала сезімі мен мотивін бағалау былай жүзеге асады. «Мен неліктен екенін білемін», «Сен осылай істедің, өйткені...». Бұл пікірлер тұлғалық кеңістіктің шеңберін азайтады, ересектердің артықшылығын қалыптастырады.

4) Сұрақтар, тергеу, сұрау. Жабық сұрақтарды қою арқылы серіктесін манипуляциялауға алып келеді, әрі ересек алдында бағыныштылық сезімін туындатады. Коммуникациядан қашу.

5) Жұбату: Баланың эмоционалдық қолайсыздығын жою үшін оны жұбата білу, сондықтан мынадай сөздер жиі қолданылады: «Бұл оқиға үшін ренжімей-ақ қой», «Күйзелемін», «Ренжіме», ал бұл жерде ересектер бала сезіміне де талап қоюмен айналысады.

6) Көңілін аудару. Баланы толғандыратын проблемадан қашуға үйрету. («Бұл жайында айтуды қажеті жоқ», «Бұл жұмыстың түкте қажеті болмас» т.б.) Бала біртіндеп проблеманы шешу үшін ересектер ақылына жүгінуден қашқақтайды [1, 103 б.].

Бұл бала мен ата-ана коммуникациясының тәсілдері бала дамуына негативті ықпал етеді. Бұл коммуникация тәсілдеріне балама тәсіл – эмпатиялық қабылдау техникасы «белсенді тыңдау» техникасы. «Белсенді тыңдау» Гордан бойынша бала сезімін, эмоционалдық жағдайын, күйзелісін ұғаны білу. Белсенді тыңдау техникасы вербалдық және вербалдық емес компоненттерді қамтиды. Вербалдық емес қатынас баламен перцептивтік қатынасты қалыптастырады (бетпе-бет қарау, визуалды байланыс) балаға қызығушылық таныту, ата-анасының мейірімді күлкісі, дауыстың жылдамдығының орташа болуы, ал бала мен ересек арасындағы қашықтық 50-70 см болуы керек, сонымен қатар балаға белсенділік беріледі (тыныш отырып, оны қызыға тыңдай білу, балаға эмоционалдық қолдау көрсету). Эмпатияны вербалдық формада бейнелеу - бала ойын «сөзбе - сөз» қайталау, бала сезімін және күйзелісін толықтай сипаттай білу. Эмпатиялық қабылдау мен белсенді тыңдау техника ғана емес, серіктестің жеке позициясы ғана емес, ересектің жеке позициясы болып табылады. Гордан бойынша ата-ананың белсенді тыңдай білуі үшін төмендегідей бағдарларды есепке алуы қажет, олар:

1. Баланы тыңдай білуі, оған уақыт бөле білуі

2. Бала проблемасын шешуде пайдалы бола білу

3. Баланың сезімі мен эмоциясын қабылдауға даяр болуы

4. Балаға шынайы сене білу және алдында туындаған проблемаларды шеше алатынына оны сендіре білу

Ересек бала тұлғасы мен іс-әрекетін тікелей бағалаудың орнына, оның басты критерийлерін айқындап беруі қажет, бұл баланың бағдарының дамуын ынталандырады және өзіндік реттеу қабілетін жетілдіреді, өзіндік бағалауға мүмкіндік туғызады.

Конгруэнттік коммуникация әдісінің басты компоненті «Сенің пікірің» және «менің пікірім» техникасын қолдану, әрі бұл техника К.Роджерс, Т.Гордан, Х.Джайнот жұмыста-

рында айқындалған. «Сенің пікірің» техникасы белсенді тыңдау жағдайында қолданылады және бала сезімін толық, терең түрде сипаттау болып табылады. Эмоционалдық күйзелістерді вербалдық бейнелеу ересектің эмпатиясын дамытады, проблемалық жағдаятта адекватты бағдар алуға, дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

«Менің пікірім» техникасын ата-ана шиеленіс жағдайында қолданылуы, көбіне бала мінез-құлық негативті эмоцияны тудырған жағдайда ата-ана мен бала қатынасы шынайылығынан айырыла бастайды, сонымен қатар «Менің пікірім» техникасы бала мінез-құлқына өз сезімін шынайы беруіне көмектесіп, ата-ана ойына сәйкес баланың өз мінез-құлқын өзгертуіне мүмкіндік жасайды. «Менің пікірім» құрылымы 4 компоненттен тұрады:

1. Ата-ананың бала мінез-құлқына қатысты өз сезімі мен эмоциясын нақты әрі сыпайы сипаттауы («Мен ренжулімін», «Маған ұнамайды»). Сезімдер шынайы және шиеленіс сәтіндегі эмоцияны бере білуі қажет, әрі вербалдық емес коммуникацияның ерекше маңыздылығын да есепке аламыз, өйткені сөз бен ым-шара арасындағы сәйкессіздік бала сенімсіздігін туындатады.

2. Бала мінез-құлқының жағдаяттық нақты сипаттамасын беруде «егер» деген сөзден бастау қажет.

3. Ата-ана негативті әрекетінің туындау себебін «өйткені» деген сөзден бастап түсіндіру керек, ал бала тұлғасы мен мінез-құлқын кінәлаудан сақ болу керек.

4. Бала мінез-құлқы бұлай жалғаса берсе, салдары не болатынын түсіндіру, тек қорқытып-үркітуді қолданбаған абзал.

Кесте 3 – Бала мен ата-ана қатынасы сферасындағы коррекциялық жұмыстарының мақсаты мен міндеттері.

Бағдарлаушы образ	Ауытқушылықтар нұсқасы	Коррекция міндеттері
Бала «ата-ана көзімен»	1. Бала мотиві мен қажеттіліктерін адекватты қабылдай алмау құрбыларымен қатынастың қажеттілігін дұрыс бағаламау, ата-анамен қатынаста эмоционалдық қатынастың маңыздылығын бағаламау	Психологиялық ағарту – үйлесімді тұлғаны қалыптастыру үшін жақын ересек және құрбыларымен қатынастың қажеттілігін түсіндіру баланың ересекпен бірлескен іс-әрекет түрлерін молайту.
	2. Баланың (жеткіншектің) жас ерекшелік-психологиялық статусының адекватсыз образы: қабылдаудың қарама-қайшылығы, инфантильдік, ересек қасиеттерін міндеттеу	Бала мен жеткіншектің жас ерекшелік-психологиялық ерекшеліктерінің адекватты образын қалыптастыру, бала құқы мен міндеттер жүйесін айқындау, бала жас ерекшелігіне сәйкес ата-ана тәртібі жүйесін жасауға көмектесу
	3. Баланың даралық – тұлғалық ерекшеліктерін адекватты қабылдай алмау	Баланың индивидуалдық-тұлғалық ерекшеліктерінің адекватты образын қалыптастыру, тәрбие – білім беру мекемесін таңдауға көмектесу
«Мен ата-ана ретінде»	1. Ата-ана туралы түсініктің адекватты болмауы, баланы қабылдаудың аффективтік, мінез-құлықтық компоненттерінің сәйкессіздігі, өзінің ата-аналық құзырлығын бағалауда сынның адекватты болмауы	Ата-ананың өзінің эмоционалдық қатынасын, сезімін, ата-ана тәртібі жүйесін, ата-ана ретіндегі мінез-құлқын ұғыну үшін психологиялық алғы шарттарын ұйымдастыру, ата-ананың бала тәрбиесі жүйесінің нәтижелі және нәтижесіздігін ұғыну
	2. Идеальды ата-ананың шынайы емес образы, тәрбиенің гуманистік-құндылығы мен шынайы	Бала тәрбиесінің мақсаты мен құндылықтар жүйесін ұғынуға көмектесу, тәрбие мақсатына жетудің

	құндылықтар арасындағы сәйкессіздік, бала тәрбиелеу құндылығының бұзылуы	стратегиясы мен тактикасы, ата-ана тұлғасының құндылық-мағыналық сферасының иерархиясындағы ата-ананың орнын ұғынуы
	3. Өз ата-ана ролін айқындауда реалды Мен және идеалды Меннің сәйкессіздігі реалды меннің идеалды менмен ауысуы, идеалды Менге ауысуы, идеалды Мен және реалды Меннің ажырауы.	Ата-ананың даралық – тұлғалық ерекшеліктерін ата-анаға қойылатын талаптармен сәйкестендіру, ата-ананың психологиялық-педагогикалық құзырлылық деңгейін жетілдіру
Бала – ата-ана	1. Қарым-қатынас мүшелерінің түсінігіндегі ата-ана бала қатынасы образының сәйкессіздігі	Ата-ана мен бала қарым-қатынасы мен өзараәрекетіндегі ерекшелікті ұғыну үшін психологиялық алғышарттарды ұйымдастыру
	2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі құндылық бағдарының адекватты болмауы	Ата-ана бала қатынасындағы субъект-субъектілік қарым-қатынастық құндылық бағдарының қалыптасуы
	3. Қарым-қатынас образының сәйкессіздігі	Ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы құзырлылықтың жетілдірілуі, ата-ана мен баланың бірлескен іс-әрекетінің түрлерін кеңейту
Ата-ана «баланың көзімен»	Ата-ананың адекватты емес образы, ата-ананың күші туралы мифтің болуы, «түсінбейтін ата-ана», «диктатор» ата-ана, салқынқанды ата-ана	Баланың эмпатияға, децентрацияға қабілетін дамыту, өзінің және серіктесінің сезімі мен күйзелісін ұғына білу. Ата-ананың өз сезімін ашық бейнелеу іскерлігін қалыптастыру, ата-ана қатынасындағы ынтымақтастық формасын дамыту.

Талқылаулар. Отбасылық қарым-қатынастар мен мүшелер арасындағы психологиялық динамика көптеген факторларға байланысты қалыптасады. Отбасын зерттеу кезінде, әсіресе, отбасы мүшелерінің арасындағы бейсаналық байланыстар мен эмоциялық күйді тереңірек түсіну үшін проективті технологиялар үлкен рөл атқарады. Проективті технологиялар – бұл адамның ішкі дүниесін ашу, бейсаналық ойлар мен эмоцияларды көрсету үшін қолданылатын әдістер. Бұл әдістер арқылы респонденттер өздерінің ойларын, сезімдерін, алаңдаушылықтарын және тәжірибелерін тікелей емес, бейнелер, символдар немесе басқа да проективті тапсырмалар арқылы білдіреді. Бұл технологиялар адамның бейсаналық процестерін зерттеуге мүмкіндік береді, себебі көбінесе адам өз мәселелерін немесе қорқыныштарын ашық түрде айтып бере алмайды.

Отбасын зерттеуде проективті әдістердің ерекшелігі – олар қатысушылардың психологиялық жай-күйін, қарым-қатынастарын және жеке тұлғалық қасиеттерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістердің отбасындағы дағдарыстарды, конфликтерді, эмоциялық мәселелерді анықтауға ықпалы зор[4, 180 б.].

Проективті технологиялардың түрлері

Отбасын зерттеуде қолданылатын проективті технологиялардың бірнеше түрі бар. Олардың арасында ең кең таралғандары мыналар:

1. Роршах тесті

Роршах тесті – бұл проективті әдістердің ең танымал және көп қолданылатын түрі. Бұл тестте респондентке абстрактылы дақтардың суреттері көрсетіледі, және ол осы дақтарды қандай бейнелермен салыстыратынын айтады. Респонденттің жауаптары арқылы оның тұлғалық ерекшеліктері, ішкі күйі, психологиялық мәселелері туралы ақпарат алуға болады.

Отбасын зерттеуде Роршах тесті арқылы отбасы мүшелерінің психоэмоциялық жағдайын, тұлғалық ерекшеліктерін, сонымен қатар отбасындағы қарым-қатынастардың динамикасын зерттеуге болады.

Қолданылуы: Роршах тесті әсіресе отбасының эмоционалдық климатын, мүшелерінің өзара байланысын және бір-біріне деген сезімдерін түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, бұл тест арқылы отбасы мүшелерінің арасындағы жасырын конфликтілер мен психологиялық мәселелерді анықтауға болады.

2. Тематикалық апперцепциялық тест

Тематикалық апперцепциялық тест (ТАТ) – бұл тағы бір проективті әдіс, оның көмегімен респондентке бірнеше сурет көрсетіледі, және ол әр суретке байланысты оқиға құрас-тырады. Суреттер көбінесе адамдардың өзара әрекеттерін көрсетеді және әр респонденттің жеке тұлғалық ерекшеліктері, эмоциялық жағдайы, қорқыныштары мен армандары осы оқиғалар арқылы байқалады.

Отбасын зерттеуде ТАТ әдісі отбасы мүшелерінің өздерінің, өзара қатынастарын және олардың бейсаналық мәселелерін ашуға көмектеседі. Бұл әдіс балаларға және жасөспірімдерге, әсіресе олардың өз отбасына деген көзқарасын және қарым-қатынас стилін зерттеуге өте тиімді.

Қолданылуы: ТАТ әдісі отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастарды, олардың эмоциялық жағдайларын және әртүрлі қиындықтарға деген реакцияларын зерттеуде қолданылады. Бұл әдіс отбасы ішіндегі проблемаларды түсіну үшін маңызды ақпарат береді.

3. Сурет салу әдісі

Сурет салу әдісі – адамдардың өз ойлары мен сезімдерін бейнелер арқылы көрсетуіне мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе балалар мен жасөспірімдер үшін өте тиімді, себебі олар өз сезімдерін сөзбен жеткізуге қиындықтар туғызуы мүмкін. Отбасы мүшелеріне өз отбасын суреттеуді ұсыну арқылы олардың отбасы туралы түсініктері, эмоционалдық күйі, қарым-қатынастарды қалай қабылдайтыны туралы ақпарат алуға болады.

Қолданылуы: Бұл әдіс отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасын, олардың өздерінің отбасы мүшелерімен эмоционалдық байланысын көрсету үшін қолданылады. Сонымен қатар, сурет салу әдісі балалардың отбасы туралы көзқарасын және олардың психологиялық жай-күйін анықтауға көмектеседі.

4. Әңгімелеу және оқиға құрастыру әдістері

Бұл әдістерде респондентке белгілі бір жағдайды немесе оқиға бастамасын беріп, ол сол оқиғаға қатысты толықтырулар мен түсіндірмелер жасауы керек. Әңгімелеу әдісі отбасы мүшелерінің өміріндегі маңызды жағдайларды, олардың психоэмоциялық реакцияларын және өзара қатынастарын түсінуге мүмкіндік береді.

Қолданылуы: Бұл әдіс отбасы мүшелерінің өзара түсіністік деңгейін, олардың отбасы ішіндегі рөлдерін және қиындықтарды қалай шешетінін түсінуге көмектеседі.

Проективті технологиялар отбасын зерттеуде бірнеше себептер бойынша маңызды:

Эмоционалды күйді анықтау: Проективті әдістер отбасы мүшелерінің эмоционалдық күйі мен психологиялық жағдайын анықтауға көмектеседі. Әсіресе қиындықтарды сөзбен айтуда қиындық туындайтын балалар мен жасөспірімдер үшін бұл әдістер өте тиімді.

Қарым-қатынастарды зерттеу: Проективті әдістер отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасын, олардың арасындағы жанжалдар мен өзара түсініспеушіліктерді ашуға мүмкіндік береді.

Қиындықтарды түсіну: Отбасындағы жасырын қиындықтар мен конфликтілер проективті әдістер арқылы анықталып, оларды шешу жолдары мен психологиялық көмектер ұсынылуы мүмкін.

Мүшелер арасындағы рөлдерді анықтау: Проективті әдістер арқылы отбасы мүшелерінің рөлі мен олардың психологиялық қажеттіліктері айқындалады. Бұл отбасы жүйесінің әрбір мүшесінің психологиялық жай-күйін түсінуге мүмкіндік береді.

Балалар мен жасөспірімдермен жұмыс: Балалардың өз отбасына деген көзқарастарын, олардың эмоционалдық және психологиялық жағдайларын түсіну үшін проективті әдістер кеңінен қолданылады.

Проективті әдістер адамның ішкі дүниесін ашу, бейсаналық мазмұнды айқындау үшін қолданылады, себебі олар тікелей сұрақтарға жауап беру арқылы емес, бейнелер, символдар немесе ситуациялар арқылы мәлімет жинауға мүмкіндік береді. Бұл әдістер отбасы мүшелерінің психологиялық жағдайын және олардың арасындағы қарым-қатынастарды тереңірек түсінуге көмектеседі [5, 95 б.].

Қорытынды. Отбасын зерттеуде проективті технологиялар – бұл отбасы мүшелерінің қарым-қатынастарын, психологиялық жағдайларын және тұлғалық ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін тиімді әдістер болып табылады. Бұл әдістер арқылы зерттеушілер отбасы динамикасын, эмоционалдық күйді және жасырын мәселелерді анықтап, отбасылық қатынастарды жақсарту және психологиялық көмектер ұсыну жолдарын табуға болады. Проективті технологиялар отбасын зерттеудің маңызды құралы болып қала береді, себебі олар отбасының ішкі құрылымы мен мүшелерінің өзара байланысын ашып, терең психологиялық мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Венгер, А. Л. Психологические рисуночные тесты. – М., 2003.
2. Выготский, Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1997.
3. Дилео, Д. Детский рисунок. Диагностика и интерпретация. – М., 2002.
4. Бурменская, Р.В. Возрастнопсихологическое консультирование. – М., 1997. – 136 с.
5. Лидере, А.Г. Психологический тренинг с подростками. – М.: АКАДЕМА, 2001.- 231 с.

ГТАМР 14.35.07 : 86.23 : 12.91

ӨОЖ 378 : 331.482 : 371.385.4 : 37.016

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНДА ТІРШІЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Сарсенбаева А.М.,¹ техника ғылымдарының магистрі
Абытова А.С.,² техника ғылымдарының магистрі

¹Қызылорда ашық университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

²Текей Батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжі,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Андатпа. Бұл мақалада тіршілік қауіпсіздігі бойынша ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету қарастырылған. Сондай-ақ, мақалада қауіпсіз типтегі тұлғаға тән білім, дағдылардың кезеңдері талданады.

Түйінді сөздер. Ғылыми-зерттеу қызметі, ситуациялық міндеттер, тіршілік қауіпсіздігі.

Білім мен ғылым мемлекет, қоғам, экономика дамуының көрсеткіштері болып табылады. Мемлекеттің дамуы ғылыми кадрлардың кәсіби деңгейіне байланысты. Білім беру, ғылыми кадрларды даярлау, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту-болашақта ғылыми бәсекеге қабілеттілік пен қоғамдық пайдаға ықпал ететін зияткерлік-ақпараттық деңгейді арттыруды талап ететін адами капиталды қалыптастырудың негізгі бағыттары.